

Хабарландыру

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының филиалы Атырау қаласындағы химиялық-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде 2024 жылдың 06 қараша мен 21 қарашасы аралығында Атырау қаласындағы химиялық-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің педагог қызметкерлері үшін Атырау қ., Авангард 2 ш / а, 11Б үй, 6 блок, 22 пәтер мекен жайда орналасқан екі бөлмелі қызметтік тұрғын үйді бірінші қажеттілік кезінде (тұрғын үйге мұқтаж жаңа директор немесе директордың орынбасары тағайындалған жағдайда) келесі мекенжайда орналасқан хабарламадан кейін жеті күн мерзімде қайтару шартымен алуға құжаттарды қабылдау жүргізіледі.

Қызметтік тұрғын үй беру Ережелерімен және қызметтік тұрғын үйді алуға тапсырыс беру үшін құжаттар тізімімен www.nis.edu.kz сайтында таныса аласыздар.

Үміткерлерден қызметтік тұрғын үй алу үшін өтініш пен құжаттар пакеті 2024 жылғы 21 қараша сағат 10.00-ге дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Нұрсая шағын ауданы, Елорда даңғылы, 22, ХБН НЗМ, Атырау қаласы, кадрлар жөніндегі инспектор кабинеті.

Тұрғын үй комиссиясы қарау үшін құжаттар Астана қаласы, Хусейн бен Талал, 21/1 үй, 2-қабат, № 207 бөлме мекен жайы бойынша 2024 жылғы 25 қараша сағат 18.00-ге дейінгі мерзімде тұрғын үй комиссиясының хатшысына өткізілуі тиіс.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 23 57 00, ішкі. 1166
8 (7122) 55 - 85 - 53, ішкі. 3916

Тұрғын үй алуға үміткерлер Тұрғын үй комиссиясы төрағасының атына өтініш және өткізетін құжаттардың келесі тізіміне сәйкес құжаттарды тұрғын үй комиссиясына өткізеді:

- 1) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) неке қию (некені бұзу) туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 3) кадр қызметі тарапынан берілген отбасының құрамы туралы анықтаманың түпнұсқасы;
- 4) үміткердің отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда);
- 5) әлеуметтік демалыста болу мерзімдерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек өтілін растайтын кадр қызметтері беретін анықтамалар;
- 6) педагогикалық шеберлік деңгейін иелену туралы құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 7) Қазақстан Республикасының аумағында үміткерде және оның отбасы мүшелерінде жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама (анықтама Тұрғын үй комиссиясына құжаттарды берген күнге дейін алынуы тиіс);
- 8) Ереженің 10 және 11 тармақтарында көрсетілген өзге де растайтын құжаттар (бар болған жағдайда).

Құжаттар мұқаба бетінде өтініш беруші туралы (аты-жөні, қызметі, құрылымдық бөлімшенің аты (филиал) ақпарат бар қағаз скоросшивательдерде өткізілуі тиіс.